

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 26 ақпандағы № ДС-66

Құрметті депутаттар!

Сіздің Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі – ҰОС) қазақстандық майдангерлерінің есімдерін мәңгі есте сақтауға қатысты сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Үкіметтің 2020 жылғы 19 ақпандағы қаулысымен Қазақстан Республикасында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – *Іс-шаралар жоспары*) бекітілді.

Іс-шаралар жоспарында ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің шешіміне сәйкес өткізілетін ҰОС қатысушыларын, мүгедектерін және оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қолдауға (*тұрғын үй және медициналық қамтамасыз ету, тұрмыста қолдау көрсету*), мемориалдық ескерткіштерді, әскери зираттарды салу мен абаттандыруға, іздестіру жұмыстарын ұйымдастыруға, мерекелік монеталарды дайындауға, Жеңістің 75 жылдық мерейтойын және т. б. мерекелеуге сабақтастырылған іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеуге бағытталған шаралар кешені көзделген.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар сондай-ақ Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмаған 133 қазақстандық жауынгерді мәңгі есте сақтауға бағытталған.

Олардың ерліктерін жариялау мақсатында телебағдарламалар, деректі фильмдер, мақалалар, кітаптар, аудио-бейнеороликтер және басқа да материалдар циклін шығару жоспарланған.

Одан басқа, Іс-шаралар жоспарында ҰОС жылдарында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің ескерілмеген зираттарын және жерленбеген сүйектерін анықтау бойынша одан әрі тиісті құрмет көрсетумен жерлеу үшін іздестіру жұмыстарын жүргізу көзделген.

Тиісті жұмыс отандық және шетелдік ұйымдар өкілдерінің, сондай-ақ Қазақстанның ғалым-зерттеушілерінің қатысуымен жүргізіледі. Бүгінгі күні ҰОС жылдарында хабар-ошарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлердің туыстарының 81 өтінімі бойынша алғашқы жерлеу орындары анықталды.

Қорғаныс министрлігінің жоспарлы іс-шараларынан бөлек Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен және «Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесімен өзара іс-қимыл жасау кезінде көрсетілген батырлардың мұрағаттық мәліметтері мен қызметтік тізімдерін жинау жүзеге асырылуда, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік наградаларына ұсыну мәселесі пысықталуда.

Сонымен қатар, ерекше көзге түскен Отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау мақсатында өңірлердің әкімдіктері Нұр-Сұлтан қаласында Талғат Бигелдиновтің, Алматы облысында – Мәсімхан Бейсебаевтің, Павлодар облысында – Бауыржан Момышұлының, Жылбек Ағаділовтің, Бақыт Қайдаровтың, Василий Христенконың, Серікбай Мүткеновтің, Шығыс Қазақстан облысында – Қасым Қайсеновтің ескерткіштері мен мүсіндерін орнату бойынша жұмыстар жүргізуде.

Сондай-ақ, әскери мекемелер мен білім беру ұйымдарына құрметті атаулар берілді: «Оңтүстік» ӨңК 22534 әскери бөліміне – генерал-майор Шәкір Жексенбаевтың есімі; «Шығыс» ӨңК 27943 әскери бөліміне – Қасым Қайсеновтің есімі; Түркістан облысының № 28 орта мектебіне – Хиуаз Доспанованың есімі; Семей қаласының №34 орта мектебіне – Бауыржан Момышұлының есімі; Шығыс Қазақстан облысының Ушаков, Перевальное орта мектептеріне – Мәлік Ғабдуллиннің есімі және т. б.

Қарулы Күштер Құрлық әскерлерінің Әскери институтына Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімін беру жоспарлануда.

Сонымен бірге, аға ұрпақтың жастарды рухани-патриоттық тәрбиелеудегі баға жетпес ерлігінің маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасында 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия Іс-шаралар жоспарын түзету барысында Сіздердің ұсыныстарыңызды ескерсін деп шешім қабылдады.

Е. Тоғжанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

На № ДЗ-66 от 26.02.2020 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно увековечивания памяти казахстанских фронтовиков Великой Отечественной Войны (*далее – ВОВ*), сообщаем следующее.

Постановлением Правительства от 19 февраля 2020 года утвержден План мероприятий по подготовке и проведению празднования в Республике Казахстан 75-ой годовщины Победы в Великой Отечественной Войне 1941 – 1945 годов (*далее – План мероприятий*).

Планом мероприятий предусмотрен комплекс мер, проводимых в соответствии с Решением Совета глав государств СНГ, направленных на социальную поддержку участников, инвалидов войны и лиц, приравненных к ним (*жилищное и медицинское обеспечение, поддержка в быту*), строительству и благоустройству мемориальных памятников, воинских захоронений, организации поисковых работ, изготовление юбилейных монет, информационное сопровождение мероприятий приуроченных к празднованию 75-летнего юбилея Победы и т.д.

Вышеуказанные мероприятия также направлены на увековечение памяти 133 воинов-казахстанцев, представленных, но не удостоенных звания Героя Советского Союза.

В целях освещения их подвигов запланирован выпуск цикла телепередач, документальных фильмов, статей, книг, аудио-видеороликов и других материалов.

Кроме того, Планом мероприятий предусмотрено проведение поисковых работ по выявлению неучтенных захоронений и непогребенных останков воинов-казахстанцев, погибших в годы ВОВ, для последующего захоронения (перезахоронения) с полагающимися почестями.

Соответствующая работа проводится при участии представителей отечественных и зарубежных организаций, а также ученых-исследователей Казахстана. На сегодняшний день установлены первичные места захоронений по 81 заявке родственников казахстанских воинов, пропавших без вести в годы ВОВ.

Помимо плановых мероприятий Министерством обороны при взаимодействии с Министерством обороны Российской Федерации и Центральным советом РОО «Организация ветеранов Республики Казахстан» осуществляется сбор архивных сведений и послужных списков указанных героев, а также прорабатывается вопрос представления их к соответствующим государственным наградам Республики Казахстан.

Наряду с этим, в целях увековечения памяти особо отличившихся защитников Отечества, акиматами регионов ведутся работы по установлению памятников и бюстов Талгату Бигельдинову в г.Нур-Султане, Масимхану Бейсебаеву – в Алматинской области, Бауыржану Момышулы, Жылбеку Агадилову, Бахыту Кайдарову, Василию Христенко, Серикбаю Муткенову – в Павлодарской области, Касыму Кайсенову – в Восточно-Казахстанской области.

Также, воинским учреждениям и организациям образования присвоены почётные наименования: имя генерал-майора Шакира Джексенбаева – воинской части 22534 РгК «Юг»; имя Касыма Кайсенова – воинской части 27943 РгК «Восток»; имя Хиуаз Доспановой – средней школе № 28 Туркестанской области; имя Бауыржана Момышулы – средней школе №34 города Семей; имя Малика Габдуллина – Ушаковской, Переваловской средним школам Восточно-Казахстанской области и др.

Планируется присвоить Военному институту Сухопутных войск Вооруженных Сил имя Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, генерала армии Сагадата Нурмагамбетова.

Вместе с тем, учитывая значимость беспримерного подвига старшего поколения в духовно-патриотическом воспитании молодежи, Межведомственной комиссией по организации подготовки и проведения празднования в Республике Казахстан 75-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне 1941 – 1945 годов принято решение учесть Ваши предложения при корректировке Плана мероприятий.

Е. Тугжанов